

2011 жылғы 1 маусымдағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары

2011 жылғы 1 маусымда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 7,9 %-ға көбейіп, 69 848,7¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.06.2010ж.		1.06.2011ж.		1.06.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	64 722,5	100,0	69 848,7	100,0	7,9
Міндетті сақтандыру	12 866,0	19,9	15 511,8	22,2	20,6
Ерікті жеке сақтандыру	13 813,1	21,3	20 448,1	29,3	48,0
Ерікті мүліктік сақтандыру	38 043,5	58,8	33 888,7	48,5	-10,9

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 20,6%-ға асып түсті, ерікті жеке сақтандыру бойынша өсу 48,0%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша азаю – 10,9%-ды құрады.



2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

можно отметить следующее:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 67,1% (10 407,7 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 26,1% (4 045,7

млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 3,0% (466,8 млн. теңге) тасымалдаушының жолаушы алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 3,8% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 18,9% (3 857,4 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 38,0% (7 778,7 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 4,2% (856,6 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 38,9% (7 955,5 млн. теңге) болып келеді.

ерікті мүліктік сақтандыруда – автокөлікті сақтандыру бойынша – 4,5% (1 521,0 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 61,7% (20 896,9 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің

¹ сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр.

¹ сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования

азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 14,5% (4 927,0 млн. теңге) және басқалар бойынша – 19,3% болды.



Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

млн. теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.06.2010ж.		1.06.2011ж.		1.06.2010ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	64 722,5	100,0	69 848,7	100,0	7,9
Өмірді сақтандыру	6 107,5	9,4	8 812,0	12,6	44,3
Жалпы сақтандыру	58 615,0	90,6	61 036,7	87,4	4,1

"Өмірді сақтандыру" саласы. 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 8 812,0 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 44,3%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2010 жылғы 1 маусымда 9,4%-ға қарсы 12,6% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2011 жылғы 5 айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 61 036,7 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы осындай кезеңге қарағанда 4,1% -ға көп.




Сақтандыру төлемдері

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 31 271,5 млн. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 44,8%-ды құрады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденті еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінен 33,6% берілді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 12 430,1 млн. теңгені құрайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы резиденті еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 4 169,6 млн. теңгені құрайды.


млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.6.2010ж.		1.06.2011ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	36 288,9	56,1	31 271,5	44,8
резидент еместерге	33 276,4	51,4	23 447,2	33,6
резиденттерге	3 012,6	4,7	7 824,3	11,2
Резиденті еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	5 321,2	8,2	4 169,6	6,0



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 82,7%, міндетті сақтандыру бойынша – 16,3%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,0% болды.

Сақтандыру төлемдері



2011 жылғы бес айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 44,3%-ға көбейіп, 14 106,2² млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 12,5% (1 762,8 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	1.06.2010ж.		1.06.2011ж.		1.06.2010ж. салыстырғандағы өзгеріс
	сомасы	үлесі, %-бен	сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	9 775,2	100,0	14 106,2	100,0	44,3
Міндетті сақтандыру	3 665,9	37,5	4 731,9	33,5	29,1
Ерікті жеке сақтандыру	4 599,7	47,1	7 007,0	49,7	52,3
Ерікті мүліктік сақтандыру	1 509,6	15,4	2 367,4	16,8	56,8

² сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

в міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 53,6% (2 537,2 млн. теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша 44,0% (2 083,3 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 1,6% (75,6 млн. теңге) және басқалар бойынша – 0,8% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 42,6% (2 996,6 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 2,2% (153,1 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 53,5% (3 751,7 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 1,5% (105,5 млн. теңге) болды;

ерікті мүліктік сақтандыруда – жүктерді сақтандыру бойынша – 4,9% (115,7 млн. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 34,4% (814,2 млн. теңге), автомобиль көлігін сақтандыру бойынша жүктерді сақтандыру бойынша - 21,9 (518,0 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша - 12,6% (300,8 млн. теңге) және басқалар бойынша – 26,2% болды.

2011 жылғы бес айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің ең көп көлемі аннуитеттік сақтандыру бойынша, төлемдердің жиынтық сомасының 26,6%-ы болды.

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 38 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокері және 79 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.06.2010ж.	1.06.2011ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	41	38
өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	13	14
Актуарийлер саны	63	79

Есепті күнге 27 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

Капитал. 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 218 309,6 млн. теңге болды.


Қаржы көрсеткіштері	1.06.2010ж.	1.06.2011ж. 1.06.2011г.	млн. теңге
			1.06.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	328 921,0	360 977,4	9,7
Міндеттемелер	140 576,8	142 667,8	1,5
оның ішінде сақтандыру резервтері	121 143,1	124 482,5	2,8
басқа да міндеттемелер	19 143,1	18 185,3	-5,0
Меншікті капитал (баланс бойынша)	188 344,2	218 309,6	15,9

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы 1 маусымда 360 977,4 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 маусымда осындай көрсеткіштен 9,7%-ға көп, оның ішінде:

Активтер	1.06.2010ж.		1.06.2011ж.		1.06.2010 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	16 842,2	5,1	23 118,3	6,4	37,3
Орналастырылған салымдар	76 930,3	23,4	79 080,7	21,9	3,0
Бағалы қағаздар	129 015,4	39,2	173 471,9	48,1	34,5
«Кері РЕПО» операциясы	8 747,0	2,7	5 855,2	1,6	-33,1
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	16 794,2	5,1	16 751,8	4,6	0,3
Негізгі қаражат	4 770,1	1,5	6 718,9	1,9	40,9
Қайта сақтандыру активтері	56 589,1	17,2	38 802,1	10,7	-31,4
Басқа дебиторлық берешек	13 494,6	4,1	10 243,9	2,8	-24,1
Басқа активтер	5 738,1	1,7	6 934,6	1,9	20,9
Активтер жиынтығы	328 921,0	100,0	360 977,4	100,0	9,7

Міндеттемелер. 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 142 667,8 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 1,5%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 124 482,5 млн. теңге болды, бұл 2010 жылғы 1 маусымда қалыптасқан резервтердің көлемінен 2,8%-ға көп.



Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары бойынша шоғырлану деңгейінің кемуі және сақтандыру төлемдері бойынша кему байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 39,8%-ы және сақтандыру төлемдерінің 30,7%-ы келеді. Сақтандыру нарығының жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниялардың үлесі 52,8% құрады.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	1.06.2010ж.	1.06.2011ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	45,6	39,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	55,8	53,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	34,1	30,7
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	38,6	48,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	53,4	52,8
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншікті капиталы	61,4	61,9

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері	1.06.2010ж.	1.06.2011ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	17 534,3	23 780,9 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,37	0,29 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,07	0,92
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,88	1,52
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	4 097,1	4 314,4

³ – деректер ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайтынан (Үкіметтің 2008 жылғы 26 тамыздағы отырысында мақұлданған 2009-2013 жылға Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мен бюджеттік параметрлер болжамына енгізілген өзгерістерге сәйкес (Үкімет отырысының 26.08.2008 жылғы №32 хаттамасы)).

⁴ - 2011 жылғы қаңтар-мамыр айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ – Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы 01.09.2010 ж. бойынша 16 189 667 адам.